

Оқу мақсаты:

- Халықаралық валюталық және несие қатынастарының механизмдерін білу

Жетістік критерийі:

Білу және түсіну: Несие рейтинг агенттігі деген не екенін біледі

Қолдану; Несие рейтингтерінің қолданысын және түрлі елдердің несие рейтингі қандай екенін анықтайды

Зерттеу; Борыш дағдарысын бастан кешіруші мемлекетті төрт критерий бойынша зерттейді және зерттеу нәтижесін көрсете алса

- **Несие** (лат. *creditum* — несие, *credo* - сенемін, сенім білдіремін), несие белгілі-бір мерзім бойы пайдаланып, қайтарылу үшін әдетте, пайыз төлеу шартымен ақшалай немесе тауар түрінде берілетін қарыз.
- Несие, негізінен, коммерциялық несие және банк несиесі түрлеріне бөлінеді. Айрықша түрі халықаралық несие
- *Коммерциялық* несие — сатушы тауарды сатып алушыға төлемін кейінге қалдыра отырып беретін несие. Бұл орайда айналым құралы ретінде, әдетте, вексель жүреді.
- Мұндағы вексель дегеніміз — несиегерге вексель беруші қарызгерден вексельде көрсетілген ақша сомасын белгіленген мерзімде төлеуді талап ету құқын беретін белгілі бір нысандағы жазбаша борыштық міндеттеме.

- Банк несиені несиелеу мерзіміне қарай *қысқа мерзімді* (1 жылға дейінгі мерзімге), орта мерзімді (1 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімге) және *ұзақ мерзімді* (3 жылдан астам мерзімге) болып келеді.
- несиенің мынадай түрлері пайдаланылады:
- ұлттық банк несиелері
 - аукциондық, ломбардтық, бюджеттік несиелер;
- екінші деңгейдегі банктер несиелері – меншікті айналым қаражатының жетіспеушілігін уақытша толтыруға, күрделі салымдарды қаржыландыруға, тұтыну мақсатына арналған несиелер; импорттық, ипотекалық, консорциалдық, банкаралық несиелер. Қазақстан Ұлттық банкінде несиелер сапасына қарай стандарттық, бейстандарттық, қанағаттанғысыз, күмәнді және зиян келтіруші несиелер деп бөлінеді.


Несиелік рейтинг — қарызгердің (жеке тұлға, аймақ немесе ел) несие алуға қабілеттілігі мен төлем төлеуге қабілеттілігін кешенді түрде бағалау шамасы. Несиелік рейтинг қарызгердің бұрынғы және қазіргі қаржылық тарихы, сонымен қатар оның мүліктерінің бағасы мен міндеттемелерінің (қарызы) құны негізінде есептелінеді. Бұл ұғымның негізгі мақсаты — потенциалды несие беруші / салымшыға қарызгердің уақтылы өзіне жүктелген қаржылық міндеттемелерін орындай алу ықтималдығын бағалау.

Төмен несиелік рейтинг, әрине, жағымсыз жағдай, себебі ол сол қарыздардың дефолтқа ұрынуының үлкен ықтималдығын көрсетеді.

Халықаралық несиенің негізгі принциптері:

- ❖ Қайтарымдылығы
- ❖ Тездігі
- ❖ Төлемділігі
- ❖ Қамтамасыздығы
- ❖ Мақсаттық қолдану сипаты

Несиелік рейтингтер картасы



Несие беруші компаниялардың елдердің несие рейтингі бойынша сенім білдіру картасы.

Жоғары база (сенімділік жоғары), *орташа сенімділік*, төменгі *сенімділік* пен *дефолтқа* ұшырау мүмкіндігі бар

Елдердің *несие рейтингісі* картасын пайдалана отырып аталған елдерді **жоғарысынан төменгісіне** қарай дұрыс орналастырыңыз

Иран, Қытай, Моңғолия, Үндістан,
Аустралия, Канада, Аргентина, Франция,
Норвегия, АҚШ, Германия, Жаңа
Зеландия, Испания, Мексика, Жапония,
Бразилия, Малазия, Египет, Алжир,
Венесуэла, Украина

Сұрақтар:

1. Қандай елдер несие беруші елдерге жатады?

2. Елдің несие алмауға мүмкіндігі бола тұра неліктен несие алады?

3. Елдер арасындағы қаржы-несие алмасудың саяси-экономикалық тиімді тұстарын анықтаңыз?

4. Дүниежүзілік валюта қоры, Дүниежүзілік банк сияқты ұйымдар несие рейтингісі төмен елдерге несие бермеген жағдайда неліктен жеке елдердің сол елдерге несие беруге қызығушылығы жоғары болады?



Монетарлық саясат

Мақсаттары: инфляция қарқынын төмендету;
Өнім шығарудың ұзақ мерзімдік өсімі;
Жұмыссыздық деңгейін төмендету



Қаржы несиелік саясат

Аралық мақсаттық
көрсеткіштер:
Қаржы несиелік
агрегаттар;
Пайыздық үстемелер

Валюталық саясат

Аралық мақсаттық
көрсеткіштер:
Валюталық курстың деңгейі
мен құрылымы;
Төлемдік баланстың сальдосы

Борыш дағдарысы ұғымын қалай түсінесіз?

Борыш дағдарысын бастан кешіріп отырған елдерді қандай критерийлер бойынша анықтауға болады? <https://www.youtube.com/watch?v=2mpVZC2Kqjw>

- сыртқы қарызының мөлшері;
- жан басына шаққандағы табысы;
- ЖҰӨ;
- Ұлттық байлығы;
- Табиғи байлығы;
- Саяси-экономикалық тұрақтылығы;
- -/-/-/-/-/-/-/-
- -/-/-/-/-/-/-/-

Мына аталған елдердің борыш дағдарысы бойынша салыстыра сипатаңыз;

АҚШ – Испания

Жапония – Ауғанстан

Түркия – Камбоджа

Канада – Эфиопия

- Несие алу потенциалы рейтингісін анықтаңыз;
- Несиені қайтару мүмкіндігін анықтаңыз;
- Салыстырмалы сипаттама жасаңыз;
- Қандай факторлар әсер етеді?

Оқу мақсаты: Жаңа қаржылық құралдар мен өтпелі қаржы нарықтарын білу

Жетістік критерийі:

Анализ; Берілген елдерді дамушы, өтпелі және дамыған экономикалы елдерге жіктесе

Коммуникативті; Өз шешімдерін сыныптың қалған бөлігіне дәлелдей алса

Қолдану; Өтпелі экономика ұғымына анықтама бере алса

Елдердің экономикалық дамуын қандай көрсеткіштерге байланысты анықтайды?

Елдердің даму типологиясы бойынша қандай түрлерге бөлінеді?

Елдердің даму түрлері оның шаруашылығының даму сипатына қалай әсер етеді?


Елдердің даму типологиясы



Дамыған

Дамушы

Өтпелі



Жоспарлы экономика - ол мемлекеттік меншік пен басқарудың әміршілдік әдістеріне сүйенеді.

Нарықтық экономика - жеке меншікке, таңдау еркіндігі мен бәсекеге негізделген. Ондағы сауда заты болып тауар, қызмет көрсеті, жер мен адамдар еңбегі саналады

Өтпелі экономика – КСРО құрамында болып, жоспарлы экономикамен жұмыс істеп, 1990 ж.ж. соң нарықтық экономикаға көшіп келе жатқан экономикалық басқару түрі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Елдердің шаруашылық дамуында экономикалық дамудың қай түрі тиімді? Немесе артықшылықтары мен кемшіліктері

КЕРІ БАЙЛАНЫС

БАҒАЛАУ

